

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

4. Всесоюзная перепись населения 1937 года: Общие итоги. Сборник документов и материалов. – М.: РОССПЭН, 2007
5. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы / Ә. Қайдар М. Оразов, жауапты ред. Ғ. Әнес]. – 3-бас. . – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.
6. Қазақстандағы татарлар: энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Таугүл баспасы, 2015. – 348 б.

ӘОЖ 13.456

ЕУРОПА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тлеген Әсемгүл Нурбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.С. Жиёмбай

Тарихнама (истриография) ежелгі грек тілінен аударғанда *тарих* және *тарихты сипаттап жазу* дегенді білдіреді. Тарихнаманы ең алдымен адамзат қоғамын танудың тарихы деп түсінген дұрыс. Сондай-ақ тарихнама деп белгілі бір тақырыпқа немесе тарихи дәуірге арналған зерттеулердің жиынтығын атайды.

Тарихнама ғылымының мақсаты – белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану [1].

Түркі қағанатының қалыптасқан күнінен бастап, құлағанға дейінгі тарихын ашуда, түркі халықтарының қоныстануы мен тілдік ерекшеліктерін тануда, біздің дәуірімізге жеткен түркі жазба ескерткіштерінің тарихи-тілдік зерттелу деңгейін анықтауда шетел тарихнамасы, оның ішінде Еуропа тарихнамасы мол мәліметтер беретіні ақиқат. XVIII-XIX ғасырда алғаш болып Еуропа ғалымдары түркі тарихын, түркі жазба ескерткіштерін зерттеуге қызығушылық танытып, ғылыми зерттеулер санын арттырды. Еуропадағы түркітану бағытындағы алғашқы зерттеулердің қатарына Германиядағы Гёттинген университетінің ғалымдары – Георг Томас фон Аш (Сібір саяхатшысы, қолжазба жинақтаушы, этнограф, 12.04.1729-23.06.1807), Петер Симон Паллас (22.09.1741-08.09.1811), Йоганн Эбергарт Фишер (10.01.1697-13.09.1771) және Август Людвиг фон Шлёцер (05.07.1735-09.09.1809) еңбектерін жатқызуға болады. Дегенмен, бұл зерттеуші ғалымдар жинақтаған материалдар өз дәуірінде жеткілікті зерттелмегендіктен, сәйкесінше ғылымда оң бағасын ала алмады.

Еуропада түркітану, оның ішінде тіл білімі туралы зерттеу аясы кеңейтіліп, шетелдік ғалымдар Азияға, Ресей территориясына келіп, салыстырмалы-тарихи зерттеулер жасауда белсенділік танытты. Бұл бағытта 1711 жылы өзге де қамаудағы шведтермен бірге Тобольск қаласына қоныстанған швед армиясының капитаны Филипп Иоганн Табберттің (Страленберг) «Das Nord und Östliche Theil von Europa und Asia...» еңбегі ерекше орынды еншілейді. Ол өзінің еңбегінде Сібірді қоныстанған түркі халықтарының мәдениеті мен тілі туралы мәлімет берді. Сондай-ақ еңбекте Енисейдегі руникалық ескерткіштер туралы алғашқы деректерді де ұсынған болатын. Страленберг зерттеуі Батыс Еуропа ғалымдары ұғымындағы «татарлар қоныстанған Шығыс Еуропа және Солтүстік Азия» түсінігін жойып, бұл аймақта өзге де түркі халықтарының қоныстанғаны туралы түсініктің қалыптасуына жол ашты. Орал тілдерінің типологиялық ұқсастығын алғашқылардың бірі болып Страленберг анықтады. Оның бұл тілдерді және халықтарды бөлуі орал (фин-угор, самодийлік) және алтай (түркі, моңғол, тұңғыс) тілдерінің алғашқы жіктелімі болды, оның негізінде кейіннен тіл қауымдастығы туралы орал-алтай теориясы пайда болды [2].

XIX-XX ғасырдағы Еуропа түркітанушыларының қатарынан Василий Васильевич Радлов, Вильгельм Юлиус Банг, Аннемари фон Габен, Карл Генрих Менгес, Йоханес Бенциг, Герхард Дерфер және тағы басқалары көрінді.

В.В.Радлов өзінің ғылыми қызығушылығының шеңберіне түркітанудың барлық салаларын: диалектологияны, лексикография мен лексикологияны, түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасы мен грамматикасын, түркі текстологиясын және руна, ұйғыр, араб әліпбиіндегі түркі жазба ескерткіштерін, түркі фольклорын, этнографиясын, тарихын, археологиясын қамти отырып, мол зерттеу материалдарын мұра ретінде қалдырды: «Die alttürkischen Inschriften der Mongolei» (1894); «Die alttürkischen Inschriften der Mongolei-Neue Folge» (1897); «Altürkische Studien» (I-VI, 1909-1912); «Einleitende Gedanken zur Untersuchung der alttürkischen Dialekte» (1911); «Die Lautalternation und ihre Bedeutung für die Sprachentwicklung-belegt durch Beispiele aus dem Türksprachen» (1882); «Zur Geschichte der türkischen Vokalsystem» (1901); «Einleitende Gedanken zur Darstellung der Morphologie der Türksprachen» (1906); «Über die Formen der gebundenen Rede für Völkerpsychologia und Sprachwissenschaft», 1865-1866, т. 4), «Zur Sprache der Komanen» («Internationale Zeitschrift für allgemeine Sprachwissenschaft», 1884-85), «Versuch eines Wörterbuches der Türkdialecte» (1888), «Kurzer Bericht über eine im Sommer 1862 unternommene Reise in die östlichen Kirgisen-Steppe» (1863), «Observations sur les Kirghis» (1864), «Bericht über eine im Sommer 1863 unternommene Reise in den östlichen Altai» (1864), «Мифология и мирозерцание жителей Алтая» (1882, 1883), «Ethnographie Übersicht der Türkstamme Sibiriens und der Mongolei» (Лейпциг, 1883), «Aus Sibirien» (Лейпциг, 1884), «Atlas der Altertümer der Mongolei» (1892) және т.б. [3].

Көне түрк дәуірі Вильгельм Юлий Бангтың (Wilhelm Julius Bang) (1869-1934) ғылыми қызығушылықтарының негізгі саласы болды. Оның «Түркі тіл білімінің баяндамалары», «Түркі тілдері тарихынан», «Берлин институтының түркологиялық хаттары» сияқты еңбектері түркітанудағы ғылыми көзқарастардың дамуына зор үлес қосты. Ол сондай-ақ руна жазуларымен қатар соңғы кезеңнің ескерткіштерін, соның ішінде «Codex Cumanicustы» зерттеді, белгілі түркітанушы ғалымдардың бірқатар еңбектеріне талдау жасады. XX ғасырдың бірінші жартысында ғалымның түркі тілдерінің тарихына арналған, қазақ және ұйғыр тілдерінің жекелеген мәселелері талданған монографиялық еңбегі жарияланды. В.Ю.Бангтың орасан еңбегі – тек Германияның ғана емес, көптеген Еуропа елдерінің ғалымдарын қамтитын түркітанудың үлкен ғылыми мектебін құруы, оның шәкірттерінің қатарында өткен ғасырдың атақты түркітанушысы, көне түркі тілінің алғашқы грамматикасын жазған ғалым Аннемари фон Габен (Annemarie von Gabain) де болды. Ол көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеумен шұғылданды. Ғалым сондай-ақ Берлин түркология мектебінің өкілі ретінде Германиядағы шығыстану мен түркітанудың батыс және шығыс тармақтарын біріктіре білді. 1920-1930 жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ғалым Еуропада танымал бола бастады. XX ғасыр басында ұйымдастырылған Турфан неміс экспедициясы аясында зерттеушілер қолжазбалар тауып, көптеген классикалық туындылар мен еңбектердің авторы ретінде А.Ф.Габен еңбегі бағаланды. Олардың қатарында «Көне түркі өміріндегі дала мен қала», «Көне түркі жазуы», «Орта-Азия зерттеулеріне кіріспе» еңбектері өз құндылығымен ерекшеленеді. А.Ф.Габен көне түркі тілінің алғашқы грамматикасының авторы ретінде көне түркі жазуына толық сипаттама берді. Автор үшін көне түркі әдеби ескерткіштерін зерттеу көне түркілердің рухани өмірін зерттеудің басты шарты болды, сондықтан олардың өнері, мәдениеті, дүниетанымы арнайы зерттеу нысанына айналды. А.Ф.Габен түркі ортасындағы жазуды іс жүзінде қолданудың техникалық аспектілеріне егжей-тегжейлі тоқталып, жазу құралдарын, қолжазбаларды түптеу және сақтау әдістерін, оларды көшіру принциптерін, ағаш кескіндемелік басып шығару негіздерін және басқа да көптеген қызықты аспектілерді өз еңбектерінде сипаттай білді [4].

Түркітанушы, алтайтанушы Карл Генрих Менгестің (Karl Heinrich Menges) түркі тілдері мен әдебиетіндегі лексикологиялық зерттеулері түркі хаықтарының этнолингвистикалық

ерекшеліктерін айқындаудағы таптырмас құрал болды: «Этимологические заметки о некоторых печенежских именах» (1945), «Алтайские элементы протобулгарских надписей» (1951), «Заметка о составных титулах протобулгарских надписей» (1958) және т.б. Автордың ең маңызды туындысы «The Oriental Elements in the Vocabulary of the Oldest Russian Epos, the «Igor' Tale» түркі тілдері мен диалектілерін салыстырмалы зерттеуде пайдаланылып келеді [5].

Түркітанушы, шығыстанушы Йоханнес Бенциг (Johannes Benzig) чуваш сөздерінің этимологиясымен айналыса отырып, бұлғар-чуваш мәселелеріне қатысты зерттеулермен шұғылданды. Ғалым 1940-1942 жылдары «Чуваш зерттеулері» көп томдық еңбегін жариялай отырып, чуваш тілінің фонетикасын, грамматикасын тереңірек зерттеді. Сондай-ақ түркі, моңғол, тұңғыс-манчжур тілдерінің өзара байланысына қатысты мәселелерді зерттеуде белсенділік танытты. Түркітану, алтайтану бағытындағы соны зерттеулер Й.Бенцинг шәкірті Герхард Дерфер (Gerhard Dörfer) тарапынан жалғасын тапты. Оның «Zwei wichtige Probleme der Altaistik», «Türkische und mongolische Elemente in Neupersischen», «Versuch einer linguistischen Datierung älterer osttürkischer Texte», «Bemerkungen zur Methodik der türkischen Lautlehre», «Langvokale im Urmongolischen», «Das Krimtatarische», «Sibirische Märchen. 2. Band: Tungusen und Jakuten. (Die Märchen der Weltliteratur)», т.б. еңбектері түркітанудағы елеулі зерттеу мұралары ретінде саналады [6].

Осылайша қазіргі түркі халықтарының тарихы мен тілінің алғаш зерттелуіне Еуропа ғалымдарының ғылыми талдаулары арқау болғанын аңғаруға болады. Аталған мақалада түркітану бағытындағы зерттеулерге Еуропа ғалымдарының, оның ішінде неміс ғалымдарының қосқан үлесі баяндалды. Мақала «Еуропа ғылымындағы түркі тарихнамасының мәселелері» тақырыбындағы дипломдық жұмыс аясында жазылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхатова О. Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 186 б.
2. Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. Представители немецкой тюркологии XIX-XX вв. // Academy №7 (10). – Р. 36-40
3. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – М.: Наука, 1972. – 272 с.
4. Jens Peter Laut Annemarie von Gabain 1901-1993. // Sonderdrucke aus der Albert Ludwigs Universität Freiburg, 1995. – 367 S.
5. Hazai G. Kurzes Schriftverzeichnis von K.H.Menges. Volkskundliche Texte aus Ost-Türkistan. Aus dem Nachlass von N.Th. Katanou. – Leipzig, 1946.
6. Зарубежная тюркология / Сост. С.Т.Кляшторный. – М.: Наука, Вып. 1, 1986. – 381 с.

ӘОЖ 15.768

«БАБЫРНАМА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ШОЛУ

Халметов Алишер Рахимжанович

alisher.rahimjan@outlook.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: М.Қ. Ескеева

Шағатай жазба тіліндегі мұраларды жан-жақты зерттеу қазіргі түркі жазба тілдерінің даму бағыты мен өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу жолын анықтауға ықпал ететін түркі тіл